

А. Біржанова, 2-курс

Ғылыми жетекшісі: Н. С. Сембиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі заманғы дәуір инновациялық-ақпараттық дамуының мол үрдіс кезеңі. Бірақ сонымен қатар осы дамудың теріс қаупі көзделуде ол ешкімге беймәлім емес адамдарға қоғамға қауіпті әрекеті болып табылады. Халықаралық терроризм мен қауіпсіздік мәселесі кең шеңберінде қарастырылуы қажет етеді. Терроризмнің зерттеу объектісінің, пәнінің қалыптасуы және оның тәртіптік құрылымы. Терроризмнің қалыптасуы мен дамуы және бүкіл әлемге таралуының қаупі оның халықаралық деңгейде шешуі. Әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде терроризм қоғамда болатын процестермен және ең бірінші оның әртүрлі аймағындағы қайшылықтармен ескеріледі. Терроризмнің пайда болып, дамуына ұзақ уақытты қоғамдық қайшылықтармен қатар, тез пайда болатындары да әсер етеді. Қандай да бір мемлекеттің немесе аймақтың дамуын сипаттайтын жағдайлардан, терроризмнің пайда болуын немесе бар болуын ескеретін немесе оған қолайлы болатын факторлар бөлінеді¹.

Саяси экстремизм — қазіргі заманғы адам дамуына ғана тән емес, сонымен қатар саяси үкімет пайда болғаннан бастап бар, қоғамдық өмір құбылысы. Саяси экстремизм әртүрлі саяси топтардың саяси қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған көзқарастар мен әрекеттерді қамтиды. Саяси экстремизмнің сәйкес белгісі — саяси күрестің негізгі әдісі ретінде әртүрлі формада зорлауды легитимсіз қолдану. Саяси күрестің жалпы схемасында бүтін және өзіндік жүйе болатын саяси экстремизм саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зорлауды қолдануды ақтайтын көзқарастар мен концепциялардың тарауын, зорлау актілерін дамытуға арналған саяси құрылымды қалыптастыруды ұсынады. Әртүрлі саяси жағдайда саяси экстремизмнің нақты құрамы өзгерді. Бұл оның идеологиясы мен экстремистік құрылымының ұйымдасуына және сәйкес әлеуметтік топтарда саяси қызығушылықтарда зорлауды қолданудың тәжірибелі жағына да қатысты. Саяси тарихтың қазіргі кезеңіне әлем бойынша саяси экстремизм көзқарастары мен концепцияларын кең көлемде тарату сәйкес келеді. Саяси экстремизм субъектілерінің қызығушылықтарына, олардың мінез-құлықтарына және саяси күрес жағдайына байланысты оның мақсаттары мен амалдары қалыптасады. Олар саяси қарсыластардың әлсіреуін, түсуін және жойылуын, соңғы ішкі және сыртқы саяси курстардың өткізілуіне қарсылықты ескере алады. Себебі терроризм үдерісі ақырындап бүкіл әлемге таралуда және оның жасалған әрекеті зардабы масштабына қарай ауқымды, ол адамдар мен қоғамға өміріне денсаулығына мүлікке қауіп әкеледі. Сондықтан терроризмді алдын алу үшін халықаралық деңгейде кездесулер өткізіліп кең ауқымда мәселені шешу керек, ең алдымен терроризмнің қайнар көзін жою немесе алдын алу әшкерлеу болдырмау. Терроризмнің ең басты себебін анықтау және әлемге қауіп төндірмеуін қажетсіну.

- терроризмнің алдын алуын ұсынысым бұл әлемдегі терроризмге қарсы органдардың біріккен профилактикалық жұмыстар жүргізу халықаралық ұйымдардың тығыз байланыстылығы. Террористтік актілерді қаржыландыруды алдын алу қажет;
- қару жарактар, жарылғыш заттар сату, террористтік топтардың іс әрекеттері және қозғалыстары туралы жедел ақпараттармен алмасуды тездету мүмкіндігін табу.

Мұсылмандарының діни басқармасы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды жұмыстар атқару қажет. Терроризмді реттеудің құқықтық актілерді жаңартып өзгертіп, қатаң жазаны ұсыну қажет. Терроризмді алдын алу үшін тәжірибелік және теориялық жұмыстар жүргізу. Атап айтсақ, 1937 жылы Терроризмнің алдын алу мен оны жазалау туралы Конвенция алғаш рет қабылданған болатын. Одан кейін, 1977 жылы терроризмнің алдын алу туралы Еуропалық Конвенция; 1987 жылы Оңтүстік Азия мемлекеттері аймағында терроризмнің алдын алу туралы Конвенция; 1994 жылы Халықаралық терроризмді жою шаралары туралы халықаралық Конвенция; 1997 жылы Жарылғыш терроризммен күрес туралы халықаралық Конвенция; 1999 жылы ТМД мемлекеттерінің терроризммен күресінің ынтымақтастығы туралы Шарт; 2001 жылы Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы Шанхай Конвенциясы; 2001 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің № 1373 қарары және т. б. қабылданған болатын. 1996 жылы терроризммен халықаралық құқықтық күрес мәселелерін әлемнің жетекші мемлекеттері мен үкімет басшылары кең талқылаған болатын. Осы кезден бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы халықаралық, аймақтық және ұлттық терроризм туралы оннан астам қарарлар (резолюция) қабылдағанына қарамастан, алайда осы құбылыстың қандай да бір ортақ және тиімді пайдалануға болатын анықтамасын қабылдай алған жоқ. Сонымен қатар терроризммен күресу үшін тиімді функционалды, саяси әлеуметтік, экономикалық, превентивті әдістерді пайдалану.

¹ Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Алматы, — 2000.